

С. Шамахай  
М. Саркулова

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Нұр-Сұлтан, Қазақстан  
(E-mail: sh.saira@mail.ru, manifa.s@mail.ru)

## Академик салған ақиқи жол

**Аңдатпа.** Халықтың болашақ тағдырына байланысты көп мәселелер ең бірінші зиялылар қауымында, университеттер мінбелерінде қызу талданып, сарапталады. Осы тұрғыдан алсақ, еліміздің ірі университеттерінің бірі, қазіргі таңда құрылғанына 25 жыл толып отырған Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, оның ішінде философия кафедрасының орны ерекше.

Философия бүгінгі адамзат ойлау мәдениетіне, еліміздің қоғамдық келбетіне сыни қарау, білім алушылардың рухани көкжиегін кеңейту және ұлттық сана-сезім, рухани жаңғыру жолында ерекше маңызға ие. Жоғарғы және кәсіби оқу орындарында оқылатын әлеуметтік – гуманитарлық пәндердің төресі болған философия университетіміздің ірге тасы қалағаннан бері кафедралық ұжым арқылы білім алушы жастардың өсіп-өркендеуіне өз үлесін қосып келеді.

Әлеуметтік ғылымдар факультетіндегі ҚР ҰҒА үш академигі Абдильдин Ж.М., Ғарифолла Есім, Нурманбетова Д.Н. үшеуі де философия кафедрасында қызмет етеді. Аталмыш үш академикпен қатар, жиырма шақты доктор, ғылым кандидаттарының, жұмыс жасауынан-ақ бұл кафедраның әлеуетінің жоғарылығын, кәсіби біліктілігінің биіктігін біле беруге болады. Қазіргі таңда бұл кафедраны философия ғылымдарының докторы, профессор Медеуова Кульшат Агибаевна басқарып отыр. Бұл мақалада айтпағымыз, Философия кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамының ұстанған жүйесі және академик, ойшыл, жазушы, ұстаз және қоғам қайраткері, философия ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА академигі Ғарифолла Есімнің жаңа бастамалары мен тың көзқарастағы қызметінің мән-маңызы туралы болып табылады.

Философия кафедрасы 2013 жылдан бері академик Ғарифолла Есімнің жаңаша қалыптастырған ғылыми-ізденістік, шығармашылық, әдістемелік қызмет жүйесі бойынша жаңа белеске көтеріліп, табысты жұмыс атқарып келеді. Академик философия кафедрасына келгеннен бері өзінің өмір бойы ойланып, толғанып, ізденіп келген ойларын жүйелеп, қазақ елінің мәңгі болуына негіз болатын «Жақсы Қазақ» тұжырымдамасын жасаған еді. Бұл тұжырымдамада «Жақсы қазақ» түсінігі дәреже, имидж ретінде бағалана отырып, оған жетудің жеті сатысы ұсынылған. Тұжырымдама оқу-әдістемелік жағынан пысықталып, қазіргі таңда философия, мәдениеттану оқу бағдарламасында элективті пәндер ретінде оқытылуда.

**Түйін сөздер:** философия; мәдениет; академик; идея; тұжырымдама; жүйе; шығармашылық; пән;

DOI: <https://doi.org/10.32523/2616-7255-2021-134-1-120-132>

Поступила: 15.02.2021/Одобрена к опубликованию: 10.03.2021

**Кіріспе.** Еліміз тәуелсіздік алғаннан бері көптеген табыстарға қол жеткізіп, биік шыңдарды бағындырды. Мәдени-рухани құндылықтарды, ұлттық салт-дәстүрлерді қайта жаңғыртуға арналған көптеген іс-шаралар, стратегиялық бағдарламаларды тізіп айтуға болады. Әсіресе, әлемдік беделді жиындардың: құ-рылтайлар мен форумдардың, съездер мен саммит-тердің, көрменің (ЭКСПО-2017), түрлі спорттық чемпионаттардың т.б. шаралардың өткізілуі және ел атынан ғылыми, мәдени әлемдік бәйгелерден жүлделі орынға ие болуы, жаңалықтар ашуы сияқты әлемдік деңгейдегі жетістіктер мен түрлі шаралар ел мәртебесін тоқтаусыз асқақтатып келеді.

Бұл жетістіктер елдің рухани тынысы мен дамуын байқатады. Егер ел саясаты осы рухани тынысқа байланысты өзіндік бағыт-бағдарын алатын болса, осынау рухани тыныс-тіршілікке қуат берушілер ретінде гуманитарлық салада еңбек етіп жүрген ғалымдар мен зиялылар болып табылады.

Университетіміздегі зиялы ғалымдар ел болашағы үшін қоғам, ғылым дамуына өз үлестерін қосып, жастардың білім, ілім алу жолында тынбай еңбектенуде. Философия кафедрасының еншісіндегі философия және мәдениеттану біріншіден, пән ретінде университеттің барша мамандықтары үшін міндетті оқытылса, екіншіден, оқу бағдарламалық тұрғыда бакалавр, магистратура, докторантура деңгейлері бойынша арнайы мамандар мен ғалымдар даярлайды.

Мақаланың мақсаты философия кафедрасының профессорлық-оқытушылық құрамының ұстанған жүйесі және академик Ғарифолла Есімнің жаңа бастамаларының мазмұнын ашу.

**Зерттеу әдістері.** Мақалада жалпы гуманитарлық ғылымдарда қолданылатын жалпыдан жекеге өту, феноменологиялық, тарихи-логикалық, герменевтикалық тәсілдердің бірлігі қамтылды.

**Талқылануы.** Академик Ғарифолла Есім 2013 жылдан бастап кафедраның ғылыми-зерттеу қызметін, оның нәтижелілігін

оңтайландыру, оқытушылар мен білім алушылардың академиялық біліктілігін жандандыру мақсатында көптеген жұмыстар атқарды. Академик: «Халықты ұлт қылатын зиялылар болса, зиялы қауым ретінде біз оқытушылар қоғамдық санаға әсер ете алуға тиіспіз. Әсіресе, философия пәні арқылы болашақ ел азаматтарын отансүйгіштікке, дұрыс ойлауға, салауатты өмір сүруге үйретуге тиіспіз» - деген талабымен оқытушыларды үлкен жауапкершілікке шақырды. Барлық мамандықтар үшін оқылатын философия пәнін жаңаша оқыту мәселесін жиі көтеріп, кейін бұл талап Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің профессорлық – оқытушылық құрамымен бірлесе талқыланып жүзеге асырылды. Қазіргі кезде философия пәні ескі әдістемесінен арылып, жаңаша әрі неғұрлым өмірге бейім бола түсті.

Академик Ғарифолла Есім кафедра оқытушыларының ғылыми-ізденістік жұмысын бір жүйеге келтіру үшін төрт семинар және төрт ақпараттық-инновациялық топ құрды. Атап айтсақ: академик Әбділдин Жабайхан Мүбәрақұлының семинары – «Классикалық философия және адамгершілік, логика және методологияның өзекті мәселелері», академик Ғарифолла Есімнің «Әл-Фараби және түркі философиясы», «Абай және қазақ философиясы», академик Нұрманбетова Жәмила Нүсіпжанқызының – «Ғылым философиясы және тарихы», профессор Медеуова Күлшат Ағыбайқызының – «Мәдениет философиясы. Философиялық антропология» тақырыбындағы семинарлары құрылумен қатар, 1. «Араб-мұсылман философиясы», 2. «Шығыс философиясы», 3. «Қазіргі батыс философиясы (XXғ. екінші жартысынан XXI ғасыр басы)», 4. «Дискурстар және мәдениеттің қазіргі тәжірибелері» тақырыбында төрт ақпараттық-инновациялық топ құрылды. Кафедра оқытушылары өздерінің ғылыми-ізденушілік бағыты бойынша осы семинарлар мен топтардың бірін таңдап, олардың дамуына үлес қосып отырады.

Философия кафедрасында қалыптасқан бұл жүйе кафедраның академик,

профессорларының өз бағыттары бойынша терең ізденуіне, шәкірттер дайындауына және жас ғалымдар мен білім алушылардың жан-жақты дамуына үлкен үлесін қосары анық. Мәселен, білім алушылар философияның классикалық үлгісінің қыр-сырымен, логика, методологиясымен академик Ж.М.Әбділдин бағыты бойынша, ұлттық ойлау және фәлсафа білімін Ғарифолла Есім семинары бойынша, мәдениет философиясы, философиялық антропология саласы бойынша профессор К.А.Медеуова семинары бойынша білімдерін толықтырып жүр. Сонымен қатар, жыл сайын студенттер мен магистранттар, докторанттар диплом, ғылыми диссертацияларын осы негізгі жүйемен өз қызығушылығы бойынша жазып қорғауда.

Бұл семинарлар мен инновациялық топтар білім сапасын, білім алушылардың кәсіби қарым-қатынас мәдениетін жетілдіруде және академиктеріміздің өз мектептерінің өрісін кеңейтуде маңызы өте зор болды. Философияның түрлі бағыттарын игерген академиктердің ғылыми идеяларға негізделген ғылыми семинарлар, дөңгелек үстелдер, жазғы мектептер т.б. шығармашылық іс-әрекеттерден алынған нәтижелері оқу үдерісіне жаңа элективтік курс енгізуге түрткі болды. Сонымен қатар, курстық, дипломдық жұмыстардың, магистрлік, докторлық диссертациялардың тақырыптарын анықтаудағы тәртіпті, реттілікті қамтамасыз етті.

Академик Ғарифолла Есім Елбасының «Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» [1] атты халыққа жолдауына орай мәңгілік ел идеясын жүзеге асыруға оқу бағдарламасына енгізген «Жақсы Қазақ» концепциясы негізіндегі жеті элективті пәні енгізді.

Академиктің «Жақсы қазақ» тұжырымдамасына тоқталудан бұрын оның шығармашылық жетістіктеріне, тұлғалық болмысына тоқталуды жөн көрдік.

Ғалымның қазақ философиясының теориясын жасау және оны жүйеге салу мәселелеріне арналған ой-толғамдары, жазбалары «Сана болмысы» деген ортақ атпен 1994 жылдан бастап осы кезге дейін жыл

аралатып жарық көрген 19 кітабы бар. Бұл кітаптарда автор әрбір екі жыл аралығындағы Қазақ елінде өтетін айтулы оқиғалардың қоғамға, жеке адам санасына ықпалы, әсерлері, бір сөзбен айтқанда сананың өзіндік себептері бар өзгерісі туралы баяндайды.

Бұлардан өзге қазақ философиясының тарихы мен теориясын әлемдік ойдың кеңістігінде зерттеуге арналған «Хакім Абай» (қазақ, орыс, ағылшын тілдерінде: 1994, 1995, 2007 ж.). «Абай туралы философиялық трактат», «Книга слов» кітаптары жарық көрген.

Қазақ философиясының лексикасы туралы: «Адам-зат». «Қазақ философиясы», «Метафизика человека», «Саяси философия», «Қазақ Ренессансы», «Философия независимости», «Түрік ойшылдары» аты кітаптары, сондай-ақ, «Фалсафа тарихы», «Қазақ философиясының тарихы», «Дінтану негіздері» (авторлар ұжымы) оқулықтар мен оқу құралдары бар.

Ал көркем философиялық жанрда жазылған шығармалары ретінде «Санадағы таңбалар», «Жар жағасы» (қазақ, орыс, араб тілінде), «Прошлое в настоящем», «Социализм: кінә және күнә туралы роман», (қазақ, орыс, түрік, украин және ағылшын тілдерінде); «Ақ өлең – аққулы мекен» (қазақ, орыс және түрік тілдерінде), «Тұлғалар қаламгерлер», «Ғұлама-наме» ғылыми трилогиясын айтуымызға болады.

Өткен қоғамда өмір сүріп, тәуелсіздікке есейіп жеткен ғалымның еңбектерінде болсын, әңгіме сұхбатында болсын, оның ескі мен жаңа қоғамға берер бағасы, адамдық мәселелер туралы пікірлері, пайымдары оқырманды немесе тыңдаушыны бірден ой әлегіне салып, баурап алады. Көптеген ғалымдардың жазу үлгісіндегі әдеттегі қалыптасқан қағидаларға бағынбай, ғылыми терминдерді шектен тыс қолданбай, қарапайым әрі әрайым жаңа идея ұсына білетін ғалымның кітаптары зиялы қауым, оқырмандар арасында үнемі зор сұранысқа ие. Академиктің жарық көрген әрбір кітаптарының орны ерекше. Өйткені, оның кітаптары білім алушылардың және оқырман қауымның санасына даналықтың

нұрын шашып, парасатты ой ұялатып, білім көкжиегін кеңейте түседі.

Академик Ғарифолла Есімнің тұлға ретіндегі ерекше қасиеттері әсіресе, кез келген тақырыпта еркін терең бойлай алатын білімділігі, ойының озықтығы, мәселені талдаудағы ерекше тапқырлығы, қарапайымнан күрделіні түйіндеуі, қоғамға өз ойын ашық жеткізетін батылдығы, туындаған ойын қағаз бетіне түсіріп отыратын ұқыптылығы дер едік. Ұстаздың кәсіби шеберлігі сондай, оқыған дәрістері шәкірттерін міндетті түрде ойлануға мәжбүрлейді. Сонымен қатар, жұмыс бабымен іссапарда шетелде немесе еліміздегі кейбір тарихи орындарына барып қайтса, міндетті түрде үлкен ой түйіп оралады. Сол түйген ойын, танымын газет, журналдар арқылы халықпен бөліспейінше тағат таппайды. Әсіресе, жұрттың аңғара қоймайтын қарапайым нәрседен тың ойлар, жаңалықтар тауып қоятыны кім-кімді де таңқалдырмай қоймайды. Мысалы, Индонезияға, Ұлытауға т.б. барып келгендегі көргені туралы әріптестері қызыға тыңдап, жарық көрген мақаласын ел құлшына оқыды.

Академиктің өмір жолында оның тұлға болып қалыптасуына септігін тигізген өз ұстаздары бар. Айтуынша, ол ең бірінші – Абай. Содан кейін – Асан қайғы. Осы екі данышпаннан кейінгі ұстазы – абайтанушы, ғалым, драматург Қайым Мұхамедханов, Зейнолла Қабдолов, Рахманқұл Бердібаев, Зәки Ахметов, Серік Қирабаев көрінеді.

Ол қазіргі жаһандану жағдайындағы дағдарыс және дағдарыс заманында ел болу, қазақ болу, адам болу, өркендеу, ойдың тәуелсіз болуы және олардың механизмдері жайлы жаңа идеяларымен үнемі әріптестерімен, шәкірттерімен, БАҚ, әлеуметтік желі арқылы халықпен ұдайы бөлісіп отырады.

Философия халықты түзеуге тек ар ілімін ұсынады. Академик Ғарифолла Есімнің айтуынша, адам-затқа қатысты алты жүйе бар. Олар: тән жүйесі, жан жүйесі, нәпсі жүйесі, сана (ақыл) жүйесі, көңіл жүйесі, рух жүйесі. Осыларға ойлана келе АР жүйесін қосамыз, сонда жеті жүйе болды. Ар дегеніміз

көңіл мен рухтың сапалық өлшемі немесе анықтаушысы. Шәкәрім ар білімі десе, мен адам болмысындағы ар жүйесі деймін [2, 252].

Академиктің озық ойлы жаңа идеялары негізінен қазақша ойлауға, қазақы болмысты қалпына келтіруге, жаңаша ойлауға, заманауи дамуға, рухани құндылықтарды сақтауға бағытталған. Ғалымның өз сөзімен айтсақ: қазақша ойлау дегеніміз – ұлттық ойлау, өмірге қазақ болып қарап, дүниені қазақ болып қабылдау, ұлттық мүдде тұрғысынан сана қорыту.

«Жақсы қазақ» тұжырымдамасы ғалымның мына бір сауалды ойынан бастау алады: «Адамдық құндылықтардың бәрін мақсат еткен кезде біз жақсы адам деген идеяға еріксіз келеміз. Сонда жақсы адамдар кімдер? Жақсы адам болу үшін не істеу керек? Қандай жүйе болады? Пайғамбарларға түскен төрт кітап ережесінен өзге кодекс бар ма? Әрбір дін жақсы адам тәрбиелеуге өзінше тырысады. Адам өлтірме, қиянат жасама, біреуді алдама т.б. Солай болса да, нәтижесінде біздің қоғам Гоббс философиясында айтылғандай «Адам адамға қасқырлығын» қояр емес. Егер бізде адамды тәрбиелейтін әмбебап құралымыз, жүйелеріміз, кітаптарымыз, діндеріміз болса, нәліктен біз ХХІ ғасырда осындай жағдайға келіп отырмыз? Біздің осыған дейін оқып келген немістің классикалық даналығы неге бізді осындай жағдайға алып келді? Демек, біз бір нәрсені дұрыс жасамай тұрмыз!... Академик өзін мазалаған осы мәселенің шешімін Абайдың «Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп»- деген принципінен тапты. Бұл - барша адамзатқа ұсынып тұрған өркениет үлгісі. Неге осы қағиданы Абай айтты? Неге европалықтар айтпайды? Олардың Абай сияқты адамзаттың бәрін сүю, бауырындай қарау қағидасын ұсынбағанына қарағанда европалықтардың евроцентристік көзқарасы, тәкашпарлығы басым. Кант адамзатты төртке бөліп қарастырады: европалық, азиялық, африкалық және жабайылар. Әрине, осылай бөле тұрып «Адамзаттың бәрін сүй» деп айта алмас еді» - деп қорытады.

Адамзаттың бәрін сүю шын мәнінде пенденің қолынан келмейді, бұл тек Хақтың,

Жаратушының ісі. Осы Хақтың ісін тану, көру, халыққа ұсыну – тек данышпанның ісі болмақ. Бір айта кетерлігі, ғалымның «Жақсы адам» тұжырымдамасында «жаман адам» деген жоқ. Дүниеде жаман адам болмайды. Тек надан адам болуы мүмкін. Жалпы «жақсы», «жаман» деп бөліп ойлау қате. Ол тек Гегельдің идеалистік философиясына, Маркстің материалистік диалектикасына тән әдіс екендігін [3] айтқан болатын.

Академик Ғарифолла Есім «Жақсы қазақ» тұжырымдамасында осы дәрежеге жетудің жеті сатысын ұсынды. Бұл жеті сатының мазмұнына кеңірек тоқталуды жөн көрдік.

Бірінші саты – байлыққа, дәулетке деген дұрыс көзқарас қалыптастыру. Қазақ керемет данышпан халық. Қазақ халқының дүниетанымында ежелден байлыққа деген ынта болған. Қазіргі қазақтардың жеті атадан атап шықсаң, міндетті түрде кісі есімдері «бай» деген сөзден құралған. Сонда «бай» деген кім? Ол қазақша айтсақ, еті тірі, іскер, ойы сұңғыла табиғатынан ерекше адам. Ол - ел қамқоры. Ол ауыл-аймақтағы жұртқа жұмыс беруші, қазіргі лексикаға салсақ бизнесмен, кәсіпкер, креативті тұлға. Қазақ ауылының жетім-жесірі де сол ауылдың байының назарында, себебі олар туыстар және еңбек адамдары. Еңбекпен тәрбиелеу байдың жұмысы. Әр ауылдың ауқатты адамы немесе байы болған. Батыр да, би де осы байдың төңірегінде. Ауыл ауылдың ақсақал - қарасақал, яғни кісілікті адамдар да осы байдың ықыласында болған. Бұл ауыл демократиясы десек те болғандай. Әрине, байлықты тек өзіміз ғана жеке еншіміз деп санаған байлар да болған, халық оларды «қарынбайлар» деп атаған. Хакім Абай пейілі кедей байсықтар деген. Мұндай байлар елге иелік ете алмайтындар қатарында. Қазақта «азамат» деген сөз бар. Орысшасы «гражданин». Азамат деген елге қызмет ете алатын адамды айтады. Ал қызмет ету үшін ол қандай болуы керек? Әрине, ол бай, ауқатты, би, хан, султан, бек болуы керек. Сондықтан да, қазақтар балаларына Абылайхан, Құнанбай, Бөгенбай, Наурызбай, Назарбай, Жабайхан, Дәулетхан, Сұлтан, Бек, Бет, Мырза, Жомарт деп ат қойған.

Осылайша, қазақ халқының дүниетанымында байлыққа деген оң көзқарас ежелден нық қалыптасқан еді. Бірақ, өткен ғасырда қазақ халқы байлыққа деген дүниетанымынан біршама ажырап қалды. Коммунизм билік құрған заманда мақсат өзгеше болды. Байлыққа, бай адамдарға деген теріс пиғылды, оның саяси идеологиялық жағын Карл Маркс т.б. ілім ретінде көтеру себебінен ақыры кедейлер революция жасады. Бай болу - кінәлі болу. Болшевиктер байларды тап ретінде қырып-жойып, кедейлер қоғамын құрды. Кедейлік сананы жайлап, жұрт коммунизм құру деген мақсатпен идеология шырмауына түсіп әбден тарықты. «Тұқымыңда бай, молда болды ма» деген тергеу жүргізіліп, көптеген азаматтарға ата тегін жасыруға тура келді. Көркем әдебиет тәрізді халықтың рухани сусындайтын ақпарат көздері арқылы байлықты, бай адамды әжуалайтын, сараңдықпен байланыстыратын сана қалыптастырды.

Ең бірінші байлықты бізге Жаратушы береді. Бұл дүниеге дене мүшемізді сау етіп жібереді. Дүниеге сау болып ендік, тәрбие алдық, оқыдық, білім алдық, азамат болдық, енді өзіміз іске айналуға мүмкіндік туды. Міне, байлықтың басы. «Бірінші байлық – денсаулық» - дейді, қазақ. Сонда дені сау адам байлықтың басында тұр.

Бай болу деген сөз қазақта біраз ұғымдарды: ырыздық, нәсіп, ризық, береке, молшылық, құт, т.б. бірге жүреді. Бізге түсініп алатын өте маңызды мәселе бар. Бай ұғымы субстанция болса, бай, байлық дәулетке айналуы керек.

«Семіздікті қой ғана көтереді» деген қазақтың мықты сөзі бар. Байлықтың өз жөні, өз заңдылығы бар. Байлық алыс-беріс қозғалысына түспей, бір орында шоғырланып тұра берген жағдайда өздігінен өрісі кеңеймей, босқа жоғалады. Бұл процесті байырғы қазақтар жақсы білген. Ешкімге пайдасы жоқ сараң байларды «шіріген бай» деп атауы тегіннен тегін емес. Егер ол байлық ізгілікке жұмсалатын болса өрісі кеңейіп, дәулетке айналады. Ол үшін байлық ізгілік жолына жұмсалуды керек. Кедей, жетім жесірлерге, мүгедектерге, мұқтаж туыстарына көмек

жасамаса, байлық жақсылыққа бастамайды. Егер байлық ізгілікке жұмсалса, жан жомарттығы жасалса ол ізгілік арқылы дәулетке айналып, жақсылыққа бастайды.

Байлықтың дәулетке айналу жолы, негізгі принциптері – мейірімділік, ізгілік. Осы жолдар ғана оны дәулетті, құрметті адамға айналдырады. Ізгі адам өз өмір жолында елдің азаматы, ел ағасы, ел ақсақалы, жақсы адам, жақсы қазақ болады. Ол үшін сананы байытуымыз керек. Сананың бай болуы байлықтың өзегі. Кеңестік замандағыдай байлықты сараңдықпен емес, керісінше жомарттықпен байланыстырып, бұрмаланған ұлттық дүниетанымды қалпына келтіріп, оған қуат беруіміз керек.

Екінші саты – іскерлік. «Бірінші байлық – денсаулық» дегендей, дені сау адам байлықтың басында тұр дедік. Сонда қазақтың бұл сөзі денсаулық болса байлыққа ары қарай жетуге мүмкіндік аласың дегенді меңзейді. Қазақ «кештік өмірің болса, түстік мал жина» деп бай, ауқатты болуға әрекет жасап, ұмтылып келген. Олай болса, байлықты өз қолымен жасауға адамның іскерлігі болуы керек. Бұл алғышарт. Байлық жасаумен айналысқан адамның ісі мемлекеттің қолдауымен, заңның шеңберінде болуға тиіс. Өйткені, байлықтың заңсыз түрін «көлеңкелі байлық» дейміз.

Іскерлік – адамның қасиеті және қабілеті. Басы-артық қажетсіз істермен шұғылдану – социалистік қоғамнан қалған мұра. Сондықтан прагматизм фило-софиясы қажет. Іскерлік балабақша, орта білім меке-мелері, жоғары оқу орында-рындағы білім стандарттары арқылы негізделмек.

Білім байлыққа апаратын негізгі жол болу керек. Дүниеде білім көп, білімді адам көп. Кеңестік дәуірде халық жаппай сапалы білім алып келді, бірақ білу болмады. Мысалы, бала орта мектепте барлық ғылымдардың негізін оқып келді. Ол физиканың барлық заңдылықтарын біледі, бірақ соны білген бала тоқтың тізбесін қоса алмайды. Яғни, білім бар, білу жоқ болды. Білу деген технологияның басы. Бізде технология қалып қойды, өйткені, білім болса да, білімнен пайда шығаруды білмей қалдық. Жоғарғы оқу орнын бітірген

әрбір студент: «Мен 100 пайыз мектеп бітірушілердің арасында оқуға түскен 5, 10 пайызының өкілімін. Қалған 90 пайызы оқуға түсе алмай қалып қойды. Оларға кім жұмыс береді? Оларды менен басқа кім ойлайды?» - деген ойда болу керек. Өзінің замандастарына жұмыс беруші болу керек. Неге? Өйткені, ол жоғарғы оқу орнында таңдаған саласы бойынша арнайы пәндерді тереңінен оқыды. Әрине, бұл үшін білім жүйесі осыған байланысты бағыт алуы керек. Іскерлікті дамытатын пәндерді көбірек оқыту керек.

Сонымен қатар, іскерлік жайында мәдениеті озық халықтардың әдетінен үлгі алуға тиіспіз. Мысалы, тойға сағат 5-ке шақарылса да 7-де келетін қазақтар бар. Осы кешігіп жүретін адамдар іскер адамдар емес. Себебі олар уақытты бағаламайтындар. Уақыт аса қымбат. Егер Германияда шақырылған уақытта дәл бармаса немістер бұл қылықты түсінбейді, ол адаммен сөйлеспей, көрмей кетеді. Бұл неміс халқының уақытты бағалай білгені. Сонысымен де Германия әлемдегі озық елдердің қатарында тұр. Қол-аяғы аман, денсаулығы жақсы жастар жұмыссыз жүретін әдет бар. Жұмыссыз жүру ешқандай ақылға симайтын сылтау. Өйткені, біздің елге қаптап келіп, жұмыс істеп жүрген шетелдік адамдар бар. Бұл әрине ешқандай іскерлікке, адами тіршілік жасап, алға басуға, ілгерілеуге, талпынуға жатпайтын қасиет.

Үшінші саты – ұлттық код – дәстүрді сақтау мәселесі. Дәстүрсіз ешбір халық ел болмайды. Дәстүр ұлттымыздың ұзақ ғасырлар қойнауынан ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлттық болмыс пен мәдени құндылықтар жүйесіне ұласқан бөлігі. Дәстүр әдет-ғұрыптан әлдеқайда ауқымды құбылыс. Дәстүр мен жаңашылдықтар үнемі өзара тығыз байланыста үйлесіп отыруы қажет. Біз дәстүрді жоғалтып алса, ел болудан қаламыз. Қазақты ұлттық дәстүрінен түбегейлі айыруға Кеңес Үкіметі кезінде барлық жағдайлар жасалды. Ең бірінші қазақ боп өмір сүру, қазақтың дәстүрі архаизм, діні зиян болып есептелінді. Байлар, молда, көзі ашық зиялылар халықтың жауы деген атаққа илінді. Қазақ болып емес, жаңа Совет адамы болып

өмір сүру керек болды. Коммунистік мораль деген тап өкілін, мысалы байды атып тастаса, осы коммунистік мораль деп есептелді. Баласы әкесін ұстап берсе, жақсы комсомол болды деп есептелді. Бұл нағыз қанышерлік, фашизм болатын. Жалпы «әке» деген идеологиядан, саясаттан биік ұғым. Қазақ үшін әкеге қарсы шығу бүкіл адамдық жүйеге қарсы шығумен бірдей. Әкеден асқан құндылық жоқ. Барлық дұрыс халықта бұл солай. Бірақ коммунистік жүйеде әкесін өз баласы «Халық жауы» деп айдатып жіберсе, онда ол жақсы адам, нағыз коммунист. Осылайша, қазақтың дәстүрлі құндылығын бұзуды бастады.

Құндылықты тарихи жадыда сақтау халықтың ұлылығы. Мысалы, Майя өркениетінің тарихы жадыда сақталмағандықтан, кейінгі ұрпақтарынан бірде-бір адам білмейді. Бұл жерде тарихи жады деген бар. Адамзат жады тарих сахнасында не жойылып кетеді, не жойылмайды. Жойылмауға не әсер етеді? Әрине дәстүр әсер етеді. Егер елде ұрпақтан ұрпаққа беріліп отыратын дәстүрі болса, сол мемлекет, сол халықтың басшылары мен көсемдері мүдделі болатын болса, құндылықтар жүйесі бір ұрпақтан келесі ұрпаққа беріліп отырады. Ал егер ондай мүдделілік болмаған кезде, әр ұрпақтың құндылығы келесі ұрпаққа дейін жойылып кетеді. Әр ұрпақтың, не буынның құндылығы деген сөз – ол адамзаттың сол ұрпаққа дейінгі жады. К.Юнгтің айтып отырған архетипі сол бүкіл адамзаттың дәстүрмен жалғасқан жады.

Әлем халықтарының дәстүрлеріне үңіліп қарасақ үлгі тұтарлық ұлағаттар аз емес. Үлгілі салт-дәстүрі, тәртібі бар елдердің экономикасы да өркендеп, әлемге үлгі көрсете бастаған. Дәстүрге бай елдің бірі өз еліміз. Біздегі үлкенді сыйлау, жесірін, жетімін жатқа телміртпеу, біреудің ала жібін аттамау, жақыныңды жат қылмау, таспен атқанды аспен ату, таза жолмен жүріп, еңбек ету, отаныңды, туған жеріңді, ұлтыңды, тіліңді, діліңді, дініңді сатпау, ар ұялар іс қылмау тағы басқа толып жатқан ізгілік, өнеге жолын айтуға болады. Дәстүр дегеніміз – ата-бабамыздың бізге қалдырып кеткен мол

мұрасы, қазынасы, қағидасы, ережесі, шексіз байлығы. Дәстүр өзгереді. Бірақ біз оның дәнін, нәрін сақтап қалуымыз керек. Біз сонда қазақ боламыз.

Әрбір мемлекет өзінің ұлттық дәстүрінің негізінде көркейіп дамиды. Мемлекет ретінде айшықтайтын ерекшелігі де – дәстүр. Олай болса, әлемдік озық мәдениетті біз тек ұлттық мәдениет арқылы қабылдауымыз қажет. Қазақ мәңгі, іркелі ел болу үшін өзінің ғасырлар бойы сұрыпталған, дәстүрін, мәдениетін, ділін, тілін және дінін сақтай білу керек.

Төртінші саты – Мәңгілік ел болашағы тікелей ел өсіміне, демографияға қатысты. Отбасында бес бала болса халықтың өсімі болар еді. Әрине, еліміздің демографиясы ең әуелі әйел қауымына тікелей байланысты. Ата-бабаларымыз үшін отбасындағы ардақты саналған басты құндылыққа келсек, ол құндылық - қыз бала. Қыз баладан асқан халықта құндылық жоқ. Қазақтың «Қыз өссе – елдің көркі» деген сөзі негізгі дүниетанымына айналған. «Қызға қырық үйден тиым» деп қоғамда қыз баланың тәлім-тәрбиесіне, жағдайына ерекше көңіл бөліп келген. Қоғамда қарап отырсақ, әдетте қыз бала емес, әйелдер, көп балалы аналарды қорғау мәселесі көтеріледі де, қыз бала мәселесі ұмыт қалған. Сондықтан да басты құндылықтардың бірі – «Қазақ қызы». Ол – болашақ келін, болашақ ана. Кезінде аналар бір рулы елдің атын шығарған, ел билеген. Мысалы Тұмар ханым (Томирис), Айша бибі, Домалақ ана, Айпара ана, Айғаным ханым, Абақ керей, Жанбике, Мұрын, Жеті-Момын тағы басқалар. Кешегі Отан соғысында Әлия мен Мәншүк бастаған қазақ қыздары ерліктерімен әлемді өздеріне қаратқан. Тағы да, өзіміздегі «Желтоқсанда» кей жігіттеріміз бұғып қалғанда, ағаларымыздың біразы аузын аша алмай тұрғанда қазақ қыздары алдыңғы сапта жүргенін әлі ешкім ұмыта қойған жоқ. Бүгінде біздер қыз баланың ағасы жоқ – дейміз. Неге?!.. Өткен ғасырдағы классик жазушы Мұхтар Әуезов қыз бала мәселесін өзінің «Қорғансыздың күні» шығармасында көтеріп кеткен болатын. Қоғамда қыз бала үлкен көмекке зәру. Ұлттың ұлт болып

сақталуы қыз баланың тәрбиесіне, оның мақсат-мүддесіне тікелей байланысты. Қоғамда қыз бала ешкімнен жәбір көрмеуі тиіс. Сондықтан басты мәселе – қыз баланы қорғау. Материалдық жағдайын түзеу үшін басқа ұлт өкілімен неке қиып, тұрмыс құрып жатса елімізге үлкен сын және ұлтқа төнген қауіп деген сөз.

Бесінші саты – ұрпақтар сабақтастығы мәселесі. Сабақтастық – құндылықтардың ауысуы, берілуі деген мағынаны беретін ұғым. Мәңгілік ел болу үшін тарихи жадыны, дәстүрді бір ұрпақ ары қарай келесі ұрпаққа бере алатын сабақтастық сақталуы керек. Сабақтастық үзілсе, осыған дейін келе жатқан ұрпақтардың сабақтастығы суға кетеді. Ұрпақ жасы отыз жас десек, осы отыз жастың ішінде үш ұрпақ өмір сүреді. Ата ұрпақ, Әке ұрпақ, Немере ұрпақ. Сабақтастықтың негізгі факторы ата, ұл, немере болып табылады.

Кеңес үкіметі тұсындағы адасқан ұрпақтың орнын Қазақстанның тәуелсіздік аясында дүниеге келген тұтас «таза» ұрпақ алмастыра бастады. Тәуелсіздік заманында үш буын қалыптасты. Олардың ерекшелігіне тоқталсақ: 1. 30-45 жас, тәуелсіздіктің бірінші толқыны. 2. 23-26 жас аралығы, тәуелсіздіктің құрдастары. 3. 14-16 жас аралығы, XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басында туылғандар. Бұлар саны жағынан көп, сапасы жағынан жоғары.

Тәуелсіздік заманында дүниеге келген бүгінгі ұрпақты жаңа құндылықтар, жаңа ақпараттар, жаңа қажеттіліктер күтіп отыр. Бұл ұрпақ біздің күшіміз, біздің болашағымыз! Демек, бір кезде адасқан ұрпақ категориясына қарсы тұратын тұтас ұрпақ категориясы қалыптасты.

Ата буын және немере буын арасы 40-50 жыл аралығын қамтиды. Арасындағы рухани-тарихи тәжірибені ата буын беріп, немере буын қабылдауы керек. Әңгіме қалай қабылдайды?

Ал осы құндылықтарды қалай береміз, қалай өзгертеміз, олар құндылықтарды сақтайды ма, сақтамайды ма? Немереге қандай құндылықтар беріп отырмыз? Мүмкін күні өтіп кеткен құндылықтар ма, әлде уақыт өтсе де қасиеттілігін жоғалтпаған әмбебап

құндылықтар ма? Оны қалай анықтауымыз қажет? Бұл сұрақ үлкен. Оны анықтайтын қазіргі заман жастары.

Ұрпақтардың тарихи-мәдени мұралары, тәжірибелері халық ауыз әдебиетінде, мақал мәтелдерде, жыраулар мұрасында, бабалар сөзінде сақталған. Бірақ, неге үш ұрпақты бірге айтып отырмыз. Өйткені олар осы бүгін өмір сүріп отыр. Бір отбасы қай заманда болмасын үш ұрпақты қамтыған. Бұл сабақтастық деген сөз. Үшеуі дискурс жасайды. Ұрпақтар дискурсы. Жоғарғы ата буын кіші яғни немере буын үшін маңызы өте зор. Ал орта аға буын әлі кемеліне жетпеген буын.

Ел бірлігі әсіресе, осы үш ұрпақтың арасындағы сабақтастықта болуға тиіс. Бірақ бүгінгі мәдениеттің инновациялық дамуының нәтижесінде осы сабақтастық қаншалықты сақталып отыр? Бір отбасында дастархан басында отырған ата, әке, немеренің арасында ортақ әңгіме өрби ала ма? Бір-бірін түсіне ме? Осы тұрғыдан қарасақ, құндылықтардың атадан әкеге, әкеден немереге өту сабақтастығы үлкен мәселе. Құндылықтар сабақтастығын өзінің бойынан өткізу қазақтың жақсы қазақ атануының биік дәрежесі. Бұл сабақтастықтың мәні ел бірлігі деген ұғымды білдіреді. Буындар арасындағы сабақтастық сақталуы керек. Бұл – ел бірлігінің негізі. Сабақтастық дәстүрмен келеді. Қазақ болу, халық болу сабақтастықтың нәтижесі.

Алтыншы саты ол – жаңаша, инновациялық ойлау. Ойлаудың үш түрі болады. Ескіше, жаңаша, инновациялық. Ешқашан мағынасы, мәні өзгермейтін әмбебап ойлау жүйелері бар. Олар сонау атам заманда қалыптасып, ғасырлар бойы ұрпақтармен бірге жасасып, біздің заманымызға да келіп жеткен жаңаша ойлаудың үлгісі болып отыр.

Инновациялық ойлау деген не? Инновацияның негізгі мағынасын алғанда жаңаша ойлау деген сөз, бірақ жаңаша ойлаудан өзгешелігі бұл аналогы жоқ ойлау, бұрын болмаған ойлау. Инновациялық ойлау негізінен ғылымға әсіресе, технологияға қатысты. Мысалы, инновациялық ойлау нәтижесінде бір өнертапқыш дүниеде болмаған бір технологиялық жаңалық ойлап



табады. (Мысалы, APPLE-ді ойлап тапқандай). Сол сияқты ешқандай жерде болмаған, үлгісі жоқ, жаңа технологиялық жаңалық әкелуді инновациялық ойлау дейміз. Бұл инновациялық ойлау қазақ елі үшін өте қажетті мәселе. Мәңгілік құндылықтар жаңа заманда сай түрленіп шығуы керек. Мәселен, адамның ар-ожданы мәселесі. Алдағы күндері еліміздің саясатында ар болуы үшін, болашақ мамандар елін, жерін, ұлтын сүйген азамат болып қалыптасуы үшін бұл мәселені де пән ретінде оқыту керек. Яғни, оның негізінде мәңгілік құндылықтардың жаңаруы (ренессанс) жатыр. Біз Инновациялық ойлауға жеткен кезде бәсекеге қабілетті 30 елдің қатарына енеміз, ары қарай асамыз.

Жетінші саты. Жоғарыда айтылған алты саты қазақты «жақсы қазақ» деген дәрежеге шығарады. Жақсы қазақ деген кім? Жақсы қазақ деген ел имиджі, Қазақстанның болашағы туралы идея. Жақсы қазақтың тұлғалық қасиеттері болуы керек. Біріншіден, туған еліне, ата-мекеніне, туған тіліне, отанына деген ниеті адал болу керек. Екіншіден, оның ісі жақсы болу керек. Қандай іс жақсылыққа бастайды, қандай іс ізгілікке бастайтынын анықтай алатындай оның қабілеті, қасиеті болу керек. Үшіншіден, жақсы қазақтың харекеті жақсы болу керек. Харекеті, ісінің нәтижесі жақсы болу керек. Шайтанның ісі – әрекет. Әрекет – бос, нәтиже бермейді. Нәтиже беретін іс - харекет. Абай айтады: «пысықтардың жасап жүрген харекеті - әрекет». Яғни, өнімсіз іспен шұғылдану дегеніміз – әрекет. Әлін білмеген әлек деген сөз осыдан шығады. Жақсы қазақ өзінің қолынан келетін іске баруға тиіс.

Енді қазақ болғаннан кейін міндетті түрде бір қауымға, саяси жүйелерге, қоғамдық жүйелерге міндетті түрде қатысы болады. Сонда жақсы қазақтың қандай бағыты, бағдарламасы болу керек? Біріншіден, жақсы қазақ түрікшіл болу керек. Бүкіл түріктік құндылықтарды бойына сіңіріп қабылдай алатын қасиеті, қазіргі технологиялық жарыстағы озық үлгілерді қабылдай алатын түрікшілдігі болу керек. Адамдық тұрғыдан қазақ бір арнамен жүру керек. Су арнамен

ағады, сонда өзен деп аталады. Сол сияқты қазақтың арнасы түрікшілдік болу керек.

Екіншіден жақсы қазақ – мұсылман болуы керек. Міндетті түрде мұсылмандық позицияда болғаны дұрыс. Мұсылмандық құндылықтардың бұрынғы түріктік әдеби таныммен ежелден байланысы бар, қазақтар үшін еш оғаштығы жоқ. Ата-бабаларымыздың өмір сүру тәжірибесі, бүкіл біздің мәдениетіміз, мынау Қожа Ахмет Яссауи мұралары, бұның бәрі мұсылмандық құндылықтар. Біз бұлардың бәрін ысырып тастап жақсы қазақ бола алмаймыз. Сондықтан, мынау қазіргі вестерндік мәдениет болсын, басқа мәдениеттің қалдығы болсын, біздің кетпейтін екі сара жолымыз бар. Ол: түрікшілдік жол мен мұсылмандық жол. Бұлардың бәрін қосқан кезде жақсы қазақ ұғымы қалыптасады.

Ел имиджін көтеру үшін жақсы ниетпен еңбектену керек, әрдайым жаңаны табуға тырысу керек. Жақсы қазақ атансақ, еліміз мәңгі болады – [4].

Қазақ елі – мәңгілік – ұлттық идея. Елдің мәңгілігін армандаудан асқан асқақ идея жоқ. Әрбір жеке адамның ғұмыры өлшеулі болғанымен, ол ұрпағымен мәңгілік. Сондықтан бұл болашаққа бастайтын, келешекке деген нық сенім қалыптастыратын идея. Сонымен бірге қазақ елі мәңгілік деу ұрпақтар алмасуына, олардың сабақтастығына, солармен бірге халықтың табиғи құндылықтарының жасампаздығына деген сенім.

Әлем халықтарының өркениеттік үрдістерін қабылдай білу және соған бейімделе отырып, елдік құндылықтарымызға жаңа сапалық өріс ашу, соның нәтижесінде әлемдегі өркениетті елу елдің қатарына ену – алдағы басты міндетіміз болуға тиіс.

**Нәтижелер.** Жақсы қазақ» тұжырымдамасын академик Ғарифолла Есім тек теория жүзінде ғана айтып қоя салған жоқ. Ғалым өзінің осы тұжырымдамасындағы тың идеяларын іс-жүзінде жүзеге асырып жатыр. Мәселен, осы айтылған сатылар бойынша соңғы бес-алты жылдан бері университетімізде білім беретін «философия», «мәдениеттану»

бағыты бойынша бакалавр және магистратура, докторантура оқу бағдарламасына арнайы пәндік бағдарлама енгізіліп [5, 95], бүгінде шәкірттер білім алуда. Анықтап айтсақ, «Жақсы Қазақ» тұжырымдамасының бірінші сатысы бойынша «Дәулет филдософиясы» пәні, екінші сатысы бойынша «Іскерлік философиясы», үшінші саты бойынша «Дәстүр философиясы» пәні, төртінші саты бойынша «Қазақ қызы» пәні, бесінші саты бойынша «Сабақтастық философиясы» пәні, алтыншы саты бойынша «Жаңаша-инновациялық ойлау философиясы» пәні, жетінші саты бойынша «Жақсы қазақ» пәні оқылып келеді.

Бұл жеті сатының қоғамдық іс-шаралармен де ұштасып, жүзеге асырылып жатқандары бар. Мәселен, ойшыл Семей өңірінде «Қазақ қызы» идеясын яғни, ұлтты сақтайтын қазақ қызын қашанда қорғауды меңзеген «Ғазиза» ескерткішін орнату ісін бастады. Бұл реттегі жұмыстың арқауы ХХ ғасырдың басында кемеңгер жазушы Мұхтар Әуезовтың шынайы оқиғаға сүйене отырып, жазып қалдырған «Қорғансыздың күні» әңгімесі еді. Кемеңгер Мұхтардың әңгімесінің шынайы кейіпкері әрі қазақ қызын қорғау идеясының жиынтық бейнесіне айналған Ғазизаның Семей өңіріндегі елеусіз жатқан жеріне ескерткіш қою ісі қолға алынды. Сонымен қатар, наурыз мейрамының маңызын арттыруда өзіндік жоба жасап, түрлі семинар, дөңгелек үстел және БАҚ арқылы «Наурыз – ғарыштық мейрам», «Наурыз- Жыл басы», «Наурыз символы – Жауқазын», «Наурыз мейрамының басы – Көрісу», «Наурыз мейрамын от жағумен ашу», «Наурыз – каникулдары», «Наурыз – дастарханы», «Наурыз киім үлгісі», «Наурыз – жасөспірімдер мен жеткіншектер мейрамы», «Наурыз мейрамы – экологиялық мейрам», «Наурыз – іскерлікке баулу мейрамы» секілді атаулар бойынша тамаша идеяларымен бөлісті.

Биылғы оқу жылының пандемия себебінен онлайн оқуға көшуіне байланысты академик Ғарифолла Есім заманауи технологияны пайдаланып, өз аудиториясын кеңейте түсті. Ай сайын өзекті философиялық мәселелер бойынша классиктер шығармалары негізінде

әлеуметтік желі facebook арқылы барша халыққа тікелей эфирде дәріс оқиды. Дәрістен соң тыңдармандарға сол еңбекті оқуға, өзіндік ой түюге бір апта уақыт беріп, zoom платформасында болатын семинарға шақырады. Бір аптадан соң академик оқыған дәріс бойынша керемет пікір-талас алаңы пайда болып, гуманитарлық салада жүрген барша әріптестердің қатысуымен кеңірек талқыланып келеді. Академиктің әдетке айналдырған бұл онлайн әдісі еліміздің барша университеттерінде қызмет етіп жүрген ғалымдар мен білім алушыларға үлгі болуда.

**Қорытынды.** Академик Ғарифолла Есімнің мазмұны терең дәрістері, шығармалары, еңбектері, ғылыми семинарлары, сұхбаттары және ұсынған «Жақсы қазақ» тұжырымдамасы қазақи болмыстың еркін өркендеуіне, елдегі болып жатқан түрлі саяси-әлеуметтік мәселелердің оңтайлы шешілу жолында маңызы зор. Бүгін де оның қызмет етіп жүрген ортасы, философия кафедрасы өзінің профессор-оқытушылық қауымы мен білім алушылардың ғылыми даму бағыты бір кездегі академиктің ұйымдастырған жүйесі бойынша өз бағдарын алып, өсіп, өркендеп келе жатыр.

Академиктің «Жақсы Қазақ» жүйелі тұжырымдамасындағы фәлсафалық ойлардың кемелдігі оқырмандарын, шәкірттерін, тыңдаушыларын мойындатып, таңқалдырып, санасын серпілтіп қана қоймай, олардың болашаққа деген зор сенімін нығайтып, еңбектенуге күш-жігер сыйлайды. Университетіміздің оқу бағдарламасына енгізілген бұл тұжырымдаманың арнайы пәндері білім алушылардың жаңаша, инновациялық, сыни ойлау қабілетін, ұлтжандылық қасиетін дарытары анық.

Сондықтан да, академик Ғарифолла Есімді қазақ философиясы, дін, мәдениет, саясат сынды рухани білім саласындағы түйткіл мәселелер төңірегінде үнемі философиялық ойлар өрбітіп, оларды жүйелі түрде халықтың, кейінгі жас ғалымдардың игілігіне айналдырдырып, көптеген шәкірт дайындап жүрген университетіміздің бетке ұстар жаңашыл, талантты ойшыл, ғалымы деп тануымызға толық негіз бар.

## Әдебиеттер тізімі

- 1 Қазақстан Жолы - 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ. Қазақстан Республикасының Президенті Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына Жолдауы. (Астана қ., 2014 жылғы 17 қаңтар) [Электрон. ресурс]. – 2014. – URL: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31495403](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31495403) (Қолданылған күні 27.02.2021)
- 2 Есім Ғ. Ғұлама-наме. Ғылыми трилогия / Ғ. Есім. - Астана: Академия Абай, 2019.- 640 б.
- 3 Есім Ғ. Ебелек - философия - Түркістан: Түркістан газеті. 2016, №24, Б. 6-8.
- 4 Мәңгілік ел идеясы – Қазақстандық патриотизмнің түпқазығы. [Электрон. ресурс]. – 2014. – URL: <https://www.enu.kz/info/zhanalyktar/25127/> (Қолданылған күні 02.03.2021)
- 5 Академик Ғарифолла Есім – Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2016. - 320 б.

**Шамахай С., Саркулова М.**

*Евразийский национальный университет Л.Н. Гумилева, Нур-Султан, Казахстан*

## В поисках истины

**Аннотация.** Многие вопросы и проблемы, связанные с будущностью народа, поднимаются и анализируются прежде всего представителями интеллигенции, в том числе и в университетских аудиториях. В этом плане выделяется Евразийский национальный университет им.Л.Н. Гумилева, один из крупнейших университетов страны, которому сегодня исполняется 25 лет. Кафедра философии, одно из структурных подразделений университета, так же не остается в стороне. Философия имеет огромное особое значение для культуры мышления современного человечества, формирования критического отношения к общественному облику страны, способствуя расширению духовного кругозора обучающихся и развития национального самосознания, духовного возрождения нации. Философия, ставшая одной из ведущих социально – гуманитарных дисциплин, изучаемых в высших и профессиональных учебных заведениях, с самых первых дней существования нашего университета посредством коллектива кафедры вносит свой вклад в развитие обучающейся молодежи.

На кафедре философии факультета социальных наук трудятся три академика НАН РК - Абдильдин Ж. М., Ғарифолла Есім, Нурманбетова Д. Н. Кроме того, на кафедре работают около двух десятков докторов и кандидатов наук, что свидетельствует о высоком потенциале и профессиональной квалификации коллектива. В настоящее время кафедру философии возглавляет доктор философских наук, профессор Медеуова Кульшат Агибаевна. В данной статье речь пойдет о работе профессорско-преподавательского состава кафедры философии и в частности, о новых начинаниях и значении деятельности академика, мыслителя, писателя, педагога и общественного деятеля, доктора философских наук, академика НАН РК Ғарифоллы Есіма.

Начиная с 2013 года, кафедра философии успешно работает по новой системе научно-исследовательской, творческой, методической работы, основы которой были заложены академиком Ғарифоллой Есімом.

Следует сказать, что Ғарифолла Есім с момента своего прихода на кафедру философии после работы в Сенате получил возможности для структурирования и систематизации своих творческих поисков и идей, над которыми он размышлял всю свою жизнь, разработал философскую концепцию «Жақсы Қазақ», напрямую связанную с национальной идеей «Мәңгілік Ел». В данной концепции представлена сущность категории «Жақсы Қазақ», рассматриваемой с имиджевой позиции, и семь этапов ее достижения. Следует сказать о том, что эти семь ступеней отработаны в учебно-методическом плане и изучаются в образовательных программах «Философия», «Культурология» в качестве элективных дисциплин.

**Ключевые слова:** философия; культура; академик; идея; концепция; система; творчество; дисциплина.

**Shamakhay S., Sarkulova M.**

*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Nur-Sultan, Kazakhstan*

### **In search of the truth**

**Abstract.** Many important issues and problems related to the future of the nation are raised and analyzed primarily by representatives of the intellectuals, including those in university classrooms. L. N. Gumilyov Eurasian National University is one of the largest universities in Kazakhstan. The university celebrates its 25th anniversary this year. The Department of Philosophy is involved in the celebration process as well.

Philosophy is of great importance for the culture of thinking of modern mankind, the formation of a critical attitude towards the social face of the country, contributing to the expansion of the spiritual outlook of students and the development of national consciousness, the spiritual revival of the nation. Philosophy, which is one of the leading disciplines in the social sciences and the humanities studied in higher and professional schools, from the first days of our university through the staff of the chair has contributed to the development of young students.

At the Philosophy Chair of the Faculty of Social Sciences work three academicians of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan - Abdildin J.M., Garifolla Esim, Nurmanbetova D.N. In addition, about two dozen of doctors and candidates of sciences work at the chair, which shows the high potential and professional skills of the staff. Currently, the Department of Philosophy is headed by Doctor of Philosophy, Professor Kulshat Agibaevna Medeuova. This article will talk about the work of the teaching staff of the Department of Philosophy and about new beginnings and the importance of the activities of academician, thinker, writer, teacher and public figure, Doctor of Philosophy, academician of the National Academy of Sciences of Kazakhstan Garifolla Yesim.

Since 2013, the Philosophy Department has been successfully working on a new system of research, creative, methodological work, the foundations of which were laid by Academician Garifollah Yesim.

It should be said that Garifollah Yesim from the moment of his arrival at the chair of philosophy after working in the Senate was able to structure and systematize his creative search and ideas, which he pondered all his life, developed a philosophical concept «Zhaksy Kazak», directly related to the national idea «Mangilik El». This concept presents the essence of the category «Zhaksy-Kazak» considered from the image position and seven stages of its achievement. It should be said that these seven stages are worked out in the educational and methodological plan and are studied in the educational programs «Philosophy», «Culture Studies» as elective disciplines.

**Key words:** philosophy; culture; academician; idea; concept; system; creativity; discipline.

### **References**

- 1 Kazakstan Zholy - 2050: Bir maksat, bir mydde, bir bolashak. Kazakstan Respublikasynyn Prezidenti N. A. Nazarbayevtyñ Kazakstan khalkyna Zholdauy. [Kazakhstan's way - 2050: common goal, common interests, common future. Address of the president of the Republic of Kazakhstan N. A. Nazarbayev to the people of Kazakhstan] (Astana city, 2014/01/17) Available at: [https://online.zakon.kz/document/?doc\\_id=31495403](https://online.zakon.kz/document/?doc_id=31495403) (Accessed 27.02.2021) [in Kazakh].
- 2 Yesim G. Gulama-name. Gylymi trilogiya [Genius-name. Scientific trilogy] (Abay Academy, Astana, 2019, 640 p.) [in Kazakh]
- 3 Yesim G. Yebelek filosofiyasy [Philosophy of Ceratocarpus] «Tyrkistan gazetі» [Turkestan newspaper], 2016. 24. P. 6–8. [in Kazakh].
- 4 Mangilik el ideyası – Qazaqstandıq patriotizmniñ typqazıǵı. [The idea of an eternal country is the core of Kazakhstan's patriotism] Available at: <https://www.enu.kz/info/zhanalyktar/25127/> (Accessed 02.03.2021) [in Kazakh]

5 Akademik Garifolla Yesim [Academician Garifolla Yessim] (Astana, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2016, 320 p.) [in Kazakh].

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Шамахай Сайра – Корреспонденция үшін автор**, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің философия кафедрасының аға оқытушысы, Ph.D. докторы.

**Саркулова Манифа Стаболқызы – Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің философия кафедрасының доценті, философия ғылымдарының кандидаты.**

**Shamakhay Saira – Corresponding author**, Ph.D., Senior Lecturer of the Department of Philosophy of the L. N. Gumilyov Eurasian National University.

**Sarkulova Manifa Stabolovna – Candidate of Philosophical Sciences, Associate Professor of the Department of Philosophy of the L. N. Gumilyov Eurasian National University.**